

Жәмила ОТАРБЕКОВА

ТҮРКІ ТІЛДЕРІНДЕГІ СӨЗЖАСАМ ҚОСЫМШАЛАРЫНЫҢ  
КӨПМАҒЫНАЛЫЛЫҚ ЖӘНЕ КӨПҚЫЗМЕТТІК СИПАТЫНЫҢ  
ТАРИХИ-ТІЛДІК НЕГІЗДЕРІ ЖАЙЫНДА

*Статья посвящена анализу некоторых общетюркских аффиксов, имеющих в современном казахском языке, в их семантическом и структурном развитии. Функционирование некоторых суффиксов одновременно в двух или трех группах свидетельствует не только о полифункциональности, но и о многозначности данных суффиксов. В основе полифункциональности и многозначности суффиксов лежит явление синкретизма, в свою очередь который повлиял на омонимию аффиксов. Развитие полифункциональности оказывает влияние и на семантику суффикса, изменяя его принадлежность к тому или иному классу формантов (к формообразующим, словообразовательным, словоизменительным). Таким образом, исследование семантической эволюции аффиксов позволяет определить словообразовательное и словоизменительное значение тех или иных аффиксов.*

*Yazar, birçok Türk dillerini ayrıntılı olarak incelemeye çalışmış ve Türk dillerindeki kelime yapım eklerinin çok anlamlı niteliği üzerinde durmuştur.*

Қазақ тіл білімінде грамматиканың морфология саласында, жеке сөз таптарының жасалуы ретінде қарастырылып келген сөзжасамның дербес сала ретінде танылып, зерттеле бастағанына біраз жыл өтсе де, өзінің зерттеуін күтіп тұрған мәселелер жоқ емес. Сөзжасамның өзіне тән зерттеу нысаны, тіл дамуында алатын орны, тілдің өзге салаларымен байланысы, ұқсастықтары мен айырмашылықтары, тілдік бірліктері секілді тіл білімінің жеке саласы ретінде тануға негіз болатын басты белгілерін былай қойғанда, сөзжасам тәсілдері, туынды сөз семантикасы, сөзжасамдық дериватология мәселелері жан-жақты ашылып, ғылыми тұрғыда шешімін тапты деу қиын.

Түркітануда XIX ғасырға дейінгі кезеңде сөзжасам қосымшалары туралы түсініктің негізі қалана бастаса, XIX ғасыр басынан Қазан төңкерісіне дейінгі кезең сөзжасам тәсілдері туралы алғашқы зерттеулердің жарық көруімен сипатталады. Ал XX ғасырдың I жартысында көптеген ғылыми грамматикалар жарық көріп, сөзжасам морфологияның бір элементі ретінде қарастырылса, II жартысында сөзжасам бірліктері арнайы зерттеу нысанына айналып, әрі тарихи тұрғыда қолға алына бастады.

XX ғасырдың 50-жылдарынан беріде қазақ тіл білімінде де, жалпы түркітануда да сөз таптарына байланысты сөз тудырушы қосымшаларды зерттеген еңбектер жарық көріп, сөзжасамның кейбір жекелеген мәселелері морфологияның аясында қарастырыла бастады. Алпысыншы жылдардан бастап сөзжасамның аспектілері жекелеген диссертациялардың зерттеу нысанына айналып, бұл саланың жеке бөлініп шығуына себеп болды. Сөйтіп, сөзжасамның кейбір мәселелері жеке-жеке қарастырылып, монография ретінде жарық көре бастады. Дегенмен, сөзжасам жүйесіне қатысты

зерттеулердің әр түрлілігіне қарамастан, оған қатысты мәселелер толық шешілді деуге болмайды.

Сөзжасам теориясына қатысты аталған мәселелердің көпшілігі сөзжасам қосымшаларына, яғни сөзжасамның синтетикалық тәсіліне барып тірелетінін байқаймыз. Оның себебі, басқа түркі тілдерінде болсын, қазақ тілінде болсын, сөз тудырушы қосымшалардың типі мен сипаты, лингвистикалық межесі мен мағыналары, қызметі айқындалмаған. Қосымшалардың семантикасын ашу сөз тудырушы негізге қатыссыз, сөздің сөз табына немесе қандай да бір лексикалық топқа жататындығына қарай топтастырылады. Сондықтан туынды сөздің денотативтік мағынасы сөзжасамдық мағына ретінде түсіндіреді.

Сондай-ақ, сөзжасамға қатысты зерттеулерде сөз таптарының грамматикалық топтарын жасайтын қосымшалар мен сөз тудыратын қосымшалардың бір қатарда қаралуы да ойландырарлық жағдай. Түркі тілдерінің кейбірінде бірқатар сөз тудырушы қосымшалардың грамматикалық қызметі көрсетіліп, қос қызметті немесе көп қызметті қосымшалар ретінде қарастырылып жүргені белгілі. Көп қызметті қосымшалардың семантикасы мен функциялық қолданыстарын жан-жақты зерттей отырып, олардың қандай мағына беретінін анықтаудың маңызы зор. Тіліміздегі қосымшалардың көпмағыналылық, көпқызметтік, содан туындайтын валенттілік мәселелерін тіл тарихына, яғни қосымшалардың шығу және даму эволюциясына бойламай ашу мүмкін емес.

Көп қызметті қосымша дегеніміз – бір қосымшаның кемінде екі түрлі қызметте – сөз тудырушы әрі форма тудырушы қызметте жұмсалуды. Ал көп мағыналы қосымша – қосымшаның бір қызмет аясында көп мағына білдіруі. Қазіргі тілімізде әрі сөзжасамның, әрі морфологияның зерттеу нысаны болып жүрген, ара жігі ажыратыла қоймаған бірқатар қос қызметті қосымшалар бар. Бұл қосымшалардың көне түркі, ортағасырлық ескерткіштердегі семантикасы мен қызметі қандай?

**-лы, -лі аффиксі.** Бұл аффикстің бірден-бір мағынасы - қатыстықты, тәндік ұғымды білдіру; даулатлы тахт - дәулеті бар тақ, балшықлы су - балшығы бар су, ерлі, хатунлы теб - ері, қатыны бар деп, қара еулі ерді - қара үйлі еді, ала йунтлы болғай - ала жылқылы болғай, т.б. Көне түркі тілдерінің сөздігінде *-лы* формасы мүлде берілмеген (Л., 1969). М.Қашқари сөздігінде де бұл форма жоқ. Демек, *-лы*-ның орнына көбінесе *-лығ* формасы қолданылған. Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілін зерттеген Ғ.Айдаров бір зат пен екінші заттың қатысын, байланысын білдіру үшін түркі жазба ескерткіштерінде де (теңрілі, беклі), көне ұйғыр жазба ескерткіштерінде де (йарлы, йеклі, беклі, хатунлы) *-лы, -лі* аффикстерінің қолданылғанын көрсеткен [1, 79,146]. Б.А.Серебрянников пен Н.З.Гаджиеваның көрсетуі бойынша, *-лы*-ның көне формасы *-лығ, -лиғ* болған, *ғ-қ* алмасуы болған, одан: *-лығ, -лық, -лы* (сарығ - сары секілді) [2, 115].

Қазіргі түркі тілдерінің барлығында *-лы* қатыстық сын есімдер

жасайды: өзбек: күчлі, түркмен: ақыллы, татар: айлы, құмық: түзлу, түрік: атлы, т.б. "Жами"ат-тауарихта" -лық және -лы аффикстері мағыналық, қолданыстық жағынан сараланып бітпеген болса, қазіргі түркі тілдерінде бұл аффикстер сараланған деуге болады. Э.В.Севортян бұл аффикстің мекенді, кәсіпті білдіретін сөздерге қосылып, зат есім тудыратынына қарамастан, түркі тілдерінде сын есім тудыру қабілеті мол екенін атап көрсеткен [3, 377]. Оның негізгі семантикасы барлықты, тәндікті (бір нәрсенің бар екенін) білдіру.

**-сыз,-сіз аффиксі.** Көне түркі жазба ескерткіштер тілінің барлығынан дерлік кездестіруге болатын, заттық ұғымдағы сөздерден болымсыздық мән тудыратын өнімді қосымша. Көпшілік ғалымдардың көрсетуінше, -лы аффиксінің мағынасына қарама-қарсы бір ғана мағына - болымсыздық мағынасын береді. Ортағасырлық ескерткіштер тіліндегі қолданысының қазіргі тіліміздегі қолданысынан айырмашылығы байқалмайды. Мәселен: ғайатсыз ләшкәр, кеңәсіз барыб, сансыз халқ, сусыз от көб, ерсіз болса, кітабсыз халқ. Бұл мысалдардағы "кітабсыз халқ" - "жабайы мәдениетті", яғни құран, інжіл, тәурат сияқты кітаптары жоқ дегенді білдіреді [4, 93]. Ортағасырлық ескерткіштер тіліндегі *-сыз* аффиксімен келген сөздердің дені араб тілінен енген, көпшілігі абстракт зат атауларынан жасалған. Дегенмен, болымсыздық мағына беретін бұл сөздерді лексика-семантикалық тұрғыда бірнеше топқа жіктеуге болады:

1. Заттағы қасиеттің мүлде жоқтығы: ерсіз, сусыз, күнасыз, йолсыз, кеңәсіз, кітабсыз, даулатсыз, т.б.

2. Сан-мөлшер, шаманың көптігі: сансыз, ғайатсыз, хисабсыз, ниһайатсыз, т.б. Қабыса байланысқан етістікті сөз тіркестерін құраған *-сыз* аффиксті туынды сөздер сөйлемде сын-қимыл пысықтауыш қызметін атқарған: ерсіз тул ерді, күнәсіз өлтүрді, йолсыз, тадбирсіз болса, кеңәсіз барыб.

Есімді тіркестердің қызметі екі түрлі:

1. Сан-мөлшер, шаманы білдіріп, мөлшер пысықтауыш болған: хисабсыз маруард, сансыз беклер, ғайатсыз ләшкер, ниһайатсыз ханлар.

2. Заттың сынын білдіріп, анықтауыш болған: кітабсыз қаум, сусыз от, ерсіз тул, истасыз урап.

*-сыз* жұрнағының шығу тарихын ғалымдар чуваш тіліндегі сылу (сыру) мағынасын беретін "сыр" етістігімен байланыстырады [5, 126]. Ал екінші бір ғалымдар оны құранды (*-сы-з*) аффикс деп қараған [6, 10]. М.Томановтың көрсетуінше, *-сыз* өзінің шығу тегі жағынан *-сар* аффиксімен ұялас. Көне түркі ескерткіштерінде кездесетін *-сыра* (қаған сыра - қансыра - қансыз қалу) қосымшасы осы ұядан тараған [7, 183-184]. М.Томанов бұл жерде М.Қашқари еңбегіне сүйенеді. М.Қашқари *-сы* аффиксі туралы былай деп жазған "Егер *-са* қосымшасындағы *a* әрпін *ы* әрпімен алмастырса, оның мағынасы өзгереді (бұл жерде *-са* - шартты рай формасы туралы айтып отыр). Яғни қосымша қосылған түбірдің өзгеріске

түсетіні байқалады. Мысалы: сүчік сусыды – шарап су сияқты болды, үзүм ачықсыды - жүзім ащы болып кетті. Бұны бір нәрсенің екінші бір сапаға айналуы туралы қолдануға болады" [8, 103]. М.Қашқари көрсеткен мән қазақ тіліндегі *-сы* аффиксінің алғашқы мағынасы болса, *-з* аффиксі - болымсыздықты білдіретін қосымша.

-дағ, -дек, -тек аффикстері шежіре тілінде сілтеу есімдіктері мен зат есімдерге қосылып, заттың сынын, сипатын түбір білдіретін мәнмен байланыстыра көрсету қызметін атқарған: йапрақ дек, ач арслан тек, инжу дек, йер хучағі дек, ошбунуң дағ, мунуң дек.

Ортағасырлық ескерткіштер тіліндегі *-дағ, -дек, -тек* қазірде *-дай, -дей, -тей* тұлғаларында қолданылады. Соңғы *к, қ, ғ* дыбыстарының *-й*-ге ауысуы түркі тілдеріне тән құбылыс. Бұған қазіргі түркі тілдерінің кейбіреулерінде бастапқы формасының сақталғандығы дәлел: хакас: ондағ (такой), мындағ (эдакий), тува: қандағ (какой), ұйғыр: андағ (такой).

Зат есімдерден жасалған *-дағ, -дек, -тек* аффиксті туынды сөздер де, есімдіктерден жасалған осындай туынды сөздер де есімді анықтауыштық қатынастағы сөз тіркестерінің бағыныңқы сыңарын құраған: йер хучағы дек ақ орда, мунуң дек оғлан, ошбунуң дағ қаум, мунуң дек тафсилда.

Ал етістікті тіркестердің құрамында оның бағыныңқы сыңарын құрап, сөйлемнің пысықтауышы қызметін атқарады: йапрақ дек тітірер ерді, ач арслан тек жаулан қылур, инжу дек сачылды, мунуң дек керек.

Туынды сөздер қай сөз табынан жасалып, қандай қызмет атқарғанына қарамастан, туынды сөз мағынасы түбір білдіретін мағынадан алшақтап кетпеген. Әрі *-дағ, -дек, -тек*-тің бөлек жазылып, тектес, секілді деген мағына беруі бұларды сөз тудырушы қосымша ретінде қарау керек пе деген ой тудырады. Екінші жағынан, мұндай қосымшалар арқылы жасалған сөздер сөздік құрамға еніп, сөздіктің реестріне кіре алмайды. Сондықтан да болар, И.Маманов мұндай форманттарды функциялық формалар деп атаған [9. 27-28].

Көптеген түркологтардың пікірінше, *-дай, -дей*-дің ең көне, байырғы формасы, шығу төркіні *-тег* (род, происхождение) сөзі. Мысалы: Хулас қыл, ла"л тег таш дын маңа бер - азат қыл, лағылдай тастан маған бер (XIII.79). Профессор Қ.Жұбанов бұл қосымшаның "тег" және "тегін" (род, происхождение менен царский сын, малыш, дитя) сөздерінен шыққандығын дәлелдей келіп, қазақ тіліндегі *-дай/-дей, -тай/-тей* (салыстыру қосымшасы қазіргі ұйғыр, өзбек тілдеріндегі *-тек (-дек, -дағ)*, орхон жазбаларындағы *тег* (тәңрі тек - тәңірдей) тұлғалары "тег" түбірінен тараған дейді [10, 65].

"Орхон-Енисей ескерткіштерінде "теңрі тег", "бөрі тег", "қой тег" деген сөздер кездеседі. Бұлар бөріге ұқсас, қойға ұқсас, тәңірге ұқсас деген мағынада емес, бөрі тектес, қой тектес, тәңірі тектес деген мағынада жұмсалса керек. Сонда "тегтің" алғашқы мағынасы "род", "происхождение" болса, кейін келе сияқты, ұқсас (подобно) деген мағынаға ауысуы мүмкін" [11, 105].

А.М.Щербактың пайымдауынша, бұл бастапқыда аффикс-послелог болып, кейіннен жұрнаққа айналса [12, 28], кейбір ғалымдар мұны септік жалғауы ретінде қарастырады (П.М.Мелиоранский, Э.Тенишев, В.Котвич).

-дай аффиксін те, де етістігінен тараушылар да бар (Ж.Дени, Г.Рамстедт, Н.К.Дмитриев, А.Н.Кононов). Ақшалай, тириклай (тірілей), бутунлай сөздеріндегі қосымшаларды -ла-й (ин) тұлғасына талдап, мұндағы -ла - етістік тудырушы қосымша деген профессор А.Н.Кононовтың дәлелінің негізсіз екенін С.М.Исаев көрсеткен болатын [13, 121].

Н.К.Дмитриев -дай,-дей қосымшасының тию, жанасу мәніндегі дег, тег етістігінен шыққандығын айтса [14, 115], А.Н.Кононов "дейін, шейін мағынасындағы тег, дег септеулігі (послелог) көсемше тұлғалы (теги, деги, тегин, дегин) "тию, жету, жанасу" мәніндегі тег, дег етістігіне саяды", дей келіп, шылау мен қосымшаның шығу төркінін екі басқа деп көрсетеді [15, 285]. Тарихи дамуы, тұлғалық-семантикалық сипаты жағынан тег және шег әрі есім, әрі етістік мәніндегі жеке сөзден қалыптасып, дамығаны анықталып отыр. Бұған аталған аффикстің әрі есім, әрі етістік (айтғу дек, барғу дек) болып, тұйық етістік тұлғасына тіркесу фактілері, сондай-ақ, ескерткіштегідей, бірде есіммен, бірде етістікпен тіркесуі негіз болса керек.

**-ча,-че,-чә.** Аффикс ортағасырлық ескерткіштер тілінде етістіктерге де, есім сөздерге де жалғанған: йеткүнче, йетмегүнче, түркіче, дәстүрінче, барча, сонуча, нече. Мағыналық жағынан қолданыстары әр түрлі:

1. Етістіктің есімше тұлғасына жалғанып, мезгілді білдіретін сөздер жасаған: Уа Жебе нойан, уа Сүбүдай бахадурны султан Мухаммед Хоразм шаһ (ның) артыдын қудыра йіберді, та Хорасан уа Иракқа йеткүнче.

2. Зат есімдерге жалғанып, салыстыру, ұқсату мәнін берген: Түркіче күн хисабын дан йетміш екі йыл умр кечурді. Уа базисыны монғол дәстүрінче нигах қылыб ерді.

3. Есімдіктерге жалғанып, мөлшер, өлшемді білдірген: Исм жинс лафз моғол йер сонуча кечтілер. Бір нече мадад дын соң хамила болды. Барча мамлакатларны алыб, насрат қылычын чапыб,... өзіне қул қылдурды.

Аффикстің шығу тегін ғалымдардың көпшілігі шақ (уақыт, мезгіл, кез, кезең) сөзімен байланыстырады (Қ.Жұбанов, О.Бетлинг, Н.К.Дмитриев, С.М.Исаев, Б.Сағындықұлы). Б.Сағындықұлының бұл аффиксті "шаңқай тұс" фразеологизміндегі "шаң" формасымен салыстыруы көңілге қонымды. "Өйткені, - дейді ол, - бұл мезгіл күннің ең биікке көтерілген тұсы. Көне "шаң" сөзі мен күн сөзі - тең... Сөйлеу тілінде тұс киіз - тұс киіз деп айта береді. Яғни -тұс-тұс сингармониялық варианттар: -қ (немесе -ақ) жұрнағы көтерілу мағынасын береді: -ай молшылықты білдіреді. Соның негізінде "шаң тұс" фразеологизмінің таза этимологиялық мазмұны: "күн шақырайған тұс" немесе "күн биікке көтерілген тұс" болып аударылады. Шан тұлғасының "күн" мағынасын бергендігін бүкіл дүние жүзі тілдерінің фактілері қуаттайды" [16, 116].

Аталған қосымшаларға қатысты этимологиялық зерттеулер бұл аффикстердің синкретті тұлғалар екендігін көрсетеді. Қазіргі тіліміздегі омонимия

## Ж.Отарбекова. Түркі тілдеріндегі сөзжасам қосымшаларының...

мен көпмағыналылық құбылысы өз бастауын синкретті түбірлерден алады. Алғашқы түбірлер секілді қосымшалар да эволюциялық дамуды басынан өткізіп, синкретті қосымшалардың пайда болуына негіз болғандығын дәлелдейтін тіл деректері бар. Көпмағыналылық тарихи синкретті тұлғалардан пайда болған десек, омонимдер сол тарихи көпмағыналы тұлғалардың қазіргі тіл деңгейіндегі тарауы деуге болатын секілді. Сонымен қатар қосымшалардың мағынасын олардың сөз құрамындағы қызметінен бөліп қарауға болмайды. Қарастырылып отырған қосымшалардың қандай қызметте (сөз тудыру, форма тудыру) жұмсалғаны олардың қолданысына, яғни қандай сөз табына жалғанып қолданылғанына да байланысты екендігін байқаймыз.

### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Айдаров Ф. Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі. А., 1986.
2. Серебренников Б.А., Гаджиева Н.З. Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. М., 1986.
3. Севортян Э.В. Аффиксы именного словообразования в азербайджанском языке. Опыт сравнительного исследования. А., 1999.
4. Сыздықова Р. Қойгелдиев М. Қадырғали би Қосымұлы және оның жылнамалар жинағы. А., 1989.
5. Гарипов Т.М. Башкирское именное словообразование. Уфа, 1959.
6. Баскаков Н.А. К вопросу о происхождении условной формы на *-ca, -ce* в тюркских языках. Академику В.А. Гордлевскому к его 75 –летию. М.-Л., 1953.
7. Томанов М. Қазақ тілінің тарихи грамматикасы. А., 1988.
8. М.Қашқари. Түбі бір түркі тілі. (аударма). А., 1993.
9. Маманов Ы. Қазіргі қазақ тілі. А., 1973.
10. Жұбанов Қ. Исследование по казахскому языку. А., 1966.
11. Тұрғанбаева Б. *-дай, -дей* қосымшаларының шығу тарихынан. Кітап: Қазақ филологиясы. 2-кітап. А., 1975.
12. Щербак А.М. Очерки по сравнительной морфологии тюркских языков. Л., 1987.
13. Исаев С.М. Из истории развития послелогов *дейін, шейін* и аффиксов *-ша, -ше, дай-дей* в казахском языке // Вопросы казахского языка и литературы. А., 1970. Вып. VII.
14. Дмитриев Н.К. Грамматика башкирского языка. М.-Л., 1948.
15. Кононов А.Н. Грамматика современного узбекского литературного языка. М.-Л., 1960.
16. Сағындықов Б. Қазақ тілі лексикасы дамуының этимологиялық негіздері. А., 1994.

### REZUME

ZH. OTARBEKOVA (Almaty)

#### HISTORICAL – POLYSEMANTIC AND POLYFUNCTIONAL WORD BUILDING SUFFIXES IN THE TURKIC LANGUAGES

This article analyzes some of the general Turkic affixes with the modern Kazakh language, in their semantic and structural development. Functioning of some suffixes in two or three groups of evidence not only of polyfunctionality, but also the ambiguity of data suffixes. The basis of polyfunctional and suffixes, the phenomenon of multivalency of syncretism, which in turn affected the homonymy affixes. Development of polyfunctional has an impact on the semantics of the suffix, changing its affiliation to a particular class of formants (a form-building, word-formation, inflection). Thus, the study of the semantic evolution of affixes to determine the value of derivational and inflectional affixes of various.